

Бекітемін:
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай- балабақшасы»
мекемесінің әдіскері
А.Ә.Жақсылықова

" Жыл басы - Наурыз "

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Орысбаева А
Жамишова Г

Таушық ауылы, 20.03. 2024 жыл.

Тақырыбы: «Жыл басы – Наурыз!»

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні Наурыз туралы мағлұмат беру. Балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мерекесінің мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту.

Көрнекіліктер: самаурын, асықтар, арқан жіп, гір тасы, орамал, ошақ, қазан. т.б.

(Киіз үйдің ішіне дастархан жайылған, мерекеге орай жабдықталған. Балалар ұлттық киімдерімен келеді. Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік. Өсем әуен ойнап тұрады.)

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар! Дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа жыл келді жерімізге.

Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелетін күн ұлы мереке. Наурыз күнін халқымыз жаңа жылдың басы – Ұлыстың ұлы күні деп есептеп, зор қуанышпен қарсы алған. Ұлттық салт-дәстүріміз, ойын сауығымыз бәрі қамтылатын ұлы мереке. Олай болса келіндер бәріміз Жаңа жылымызды, ұлыстың ұлы күнін бірге тойлайық.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз жыл басы қош келдің! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Жүргізуші:

*Көптен күткен Наурыз тойы арайлы,
Нұрға бөлеп міне жатыр маңайды.
Мал біткеннің бал татыған уызды
Қуат болып қанымызға тарайды.
Төрт түлік мал халқымыздың сүйері
Көңілімнің күмбірлеген күйі еді
Аманба деп мал жаның?*

(Осы кезде әже шашу шашып кіріп келеді кішкентай немерелерімен).

Әже: Армысыңдар қонақтар! Қош көрдік балапандар! Тойларыңыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлы мереке тек жақсылықпен келсін. Ш-а-ш-уууу. Наурыз мерекесінде бірін бірі құшақтасып сүйеді.- деп ал, балалар ,қонақтар бәріміз бір-бірімізбен құшақтасып амандасайық, наурыз мерекесімен құттықтайық.

Жүргізуші :Наурыз-күнтізбеде жаңа жыл басы деп есептеледі. 21-22 күн аралығында күн мен түн теңеседі.Наурыз сөзі «жаңа» , «күн» яғни, жаңа жыл деген ұғымды білдіреді.Барлық тіршілік иесі адамзат жаңа күнде жаңа істерге бағыт жасайды.Ағаштар отырғызып, тал егеді.Үй аралап бір бірімен көріседі.Дастархан жайып қонақ қарсы алады.Ән шырқап,би билеп,ұлттық ойындар ұйымдастырады. Қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптейді. Бүгінгі біздің тойымызға әннен шашу алып келген кішкентай қонақтарымыз бар екен.

Ал, халайық, тұрмайық ,
Әндетейік , жырлайық!
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылға
Жырдан шашу шашайық!
Ән: «Наурыз көктем»

Маржан , Айбын, Жансая , Расул , Айназ, Дидар , Мұрагер, Шұғыла, Азамат , Айбар , Саида, Нұрсұлтан , Омар, Аяулым, Наурызбек, Бекжан , Раяна, Әлиасқар, Имран , Адина, Ғибратолла, Жанәли , Інжу.

Жүргізуші : Ой , бәрекелді ! Жарайсындар!!! Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешегі наурыздың аппақ қарындай ананың аппақ арындай деп ақ жаулықты әжеміз өзімен бірге наурыз көжесін пісіріп әкеліпті.

Әже: Ұлттық тағамның қасиеттісі Наурыз көжені арнайы сендерге балаларым пісіріп әкелдім. Келінжан алып келе ғой.

Әже: Наурыз құтты болсын,осы мейрам әр шаңыраққа бақыт, табыс,қуаныш әкелсін!Ақ мол болсын! Балалар сендер наурыз көже туралы не білесіндер?(сұр ет,бидай,су,тұз,жүгері)Дұрыс айтасындар,балалар! Наурыз көжені дайындау үшін жеті түрлі тағам салады.Ал,қанекей наурыз көжеден дәм татыңыздар.

Жүргізуші : Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге наурызға арналған тақпақтарға береміз.

Расул :
Жыл басы – Наурыз мереке,
Ақ нұрға әлем боянды.

Наурыз тойы береке,
Тіршілік жаңа оянды!

Жансая :

Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық , бақыт тілеймін
Бүкіл қазақ еліне .

Мұрагер:

Алақай-ау , алақай!
Наурыз келді балақай!
Халық тойды тойлайды,
Әсем әнге салады-ай!

Аяулым :

Жылдың басы Наурыз,
Жердің басы Наурыз.
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр-әніміз.

Жүргізуші: Жарайсыңдар!

Ей балалар , балалар ,
Енді маған қараңдар .
Наурыз тойын тойлайық
Қызық ойын ойнайық .

Қане балалар *«Арқан тарту»* ойынын ойнайық!

Ойын: *«Арқан тарту»*

Омар, Дидар, Мұрагер, Нұрсұлтан, Бекжан, Азамат.

Жүргізуші: Арқан тарту –халық арасында ертеден келе жатқан танымал ойындардың бірі . Көп күш жұмсалатындықтан «Арқан тартуға» көбіне ер адамдар қатысады. Ойын өтетін жер тегіс болуы шарт.

Жүргізуші: Әр ұлттың өзінің салт-дәстүрлері болады. Ал , балалар қазақ халқының қандай салт-дәстүрлері бар?

Балалар: шілдеhana , тұсау кесу, сүндет той, бесікке салу, қырқынан шығару, қыз ұзату, келін түсіру .

(осы кезде салт атты екі жігіт айқайлап кіріп келеді)

Жігіттер: Сүйінші, сүйінші әулетте үлкен той, үлкен мереке. Осындай әулетте «Сүндет той» болғалы жатыр, келіңіздер, көріңіздер.

Ата: Сүндеттой- ежелгі дәстүрлердің біреуі. Әр заманнан оған өзгешеліктерін енгізгенімен , мұсылмандықтың бұл қадамының дінгегі шайқалған жоқ . Бүгінгі тойдың егесі, батырымыз өз нөкерлерімен келе жатыр екен. Барлығымыз бірге қарсы алайық.

(Әже шашуын шашып , батырларды төрге шығарады.) Әжесі немересінің маңдайынан сүйіп, омырауынан ақшасын алып « Менің жолым мен жасымды берсін» деп айтады.

Жүргізуші: Уа , қадірлі ағайын! Бабаларымыздан бері келе жатқан салтымыз бойынша мұсылмандық міндеттің бірі – ұланды сүндетке отырғызу рәсімін жасағаннан кейін сол ұлағатты іске ауыл-аймақ куә болсын деген ниетпен батырымыздың атасы батасын берсем дейді.

Ата: «Бата»

Ақылың ассын,
Біқыласың тасысын,
Жақының көп болсын,
Дұшпаның жоқ болсын.
Жақсы келсін қасыңа,
Нұр жаусын басыңа.
Көшің көлікті болсын,
Қонысың түлікті болсын.
Дәуренің сәнді болсын,
Ғұмырың мәнді болсын.
Шаңырағыңа шат құйылсын,
Дастарханыңа жұрт жиылсын.
Осы айтқандарым пайғамбардың құлағына шалынсын.
ӘУМИН!!!

Жүргізуші: Елін қорғап , кең байтақ жерін қорғап ,
Ұрпағына аманат еткен , ол біздің қазақтың батырлары,. Қанекей
ұлдарымыздың «Алаш» биін қабыл алыңыздар!

Би:»Алаш»

Дидар, Жәдігер, Бекжан . Әлиасқар , Наурызбек , Нұрсұлтан. Имран ,
Айбар , Омар.

Жүргізуші:

Ұлыстың ұлы күнінде ,
Көппен бірге күлімде
Көбейсін жан достарың
Молайсын елге қосқаның .
Қазақ халқының тойларын ұлттық ойынсыз өтпеген. Қане қыздар
мен жігіттеріміздің «Қыз қуу» ұлттық ойынын тамашалайық!

Ойын : «Қыз қуу»

Айназ-Расул,
Маржан-Ғибратолла,
Жансая-Жәдігер,
Саида-Айба,
Аяулым-Әлиасқар.

Жүргізуші: Балалар мен сендермен «Сыр-сандық» атты сұрақ-жауап ойынын ойнағым келіп тұр! Ойнаймызба?

Балалар: Иә .

Ойын: «Сыр сандық» (сұрақ-жауа ойыны)

- ✓ Өмірде не тәтті? (Ананың сүті тәтті.)
- ✓ Өмірде не қымбат? (Бала , Отан)
- ✓ Жыл басы ? (Наурыз)
- ✓ Қасиетті сан ? (7 саны)
- ✓ Өмірде не жұмсақ? (Ананың алақаны)

Жүргізуші: Бәрекелді , жарайсыңдар!

Ата: Ал, балалар , мен сендердің күштеріңді сынағым келіп тұр! «Кім күшті, мықты екеннің біргеанықтайық. «Кім күшті» қолмен күш сынасу ойынын ойнайық. Келе қойыңдар балалар!

Жанәли-Наурызбек ; Имран-Айбын ; Шұғыла-Раяна ; Адина-Інжу.

Ойын : «Күш сынасу»

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. Екі бала шынтарын столға тірек қол бастырып айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Алқа жұртым, той- думан,
Ортамызды ашайық .
Ән мен күйді төгіп біз ,
Інжу маржан шашайық

Ортада **«Менің әжем дара»** әнін қабыл алыңыздар!

Орындайтын : Саида , Айназ , Раяна .

Әже:-Өркенің өссін! Жарайсындар!

Жүргізуші: Келесі кезекті «Гір тас көтеру» ойынына берейік . Гір тасын көтеру ойыны – адамның негізгі тән сапасын , күшін және күштілік шыдамдылығын дамытуға бағыттайтын ойын және спорт түрі.

Ойын: «Гіс тас көтеру»

Нұрсұлтан , Омар , Азамат, Бекжан , Мұрагер , Дидар .

Жүргізуші :

Наурыз тойын тойладық міне ағайын,

Амандықпен туа берсін күн сайын.

Бақыт тілеп , бақ тілеп халқымызға

Мерекені бүгінгімен жабайын. Молшылық пен тыныштық боп жерімізде

Бейбітшілік нық болсын елімізде

Достықпенен жайнай берсін отанымыз

Желбіресін қазақ туы көгімізде

Ән : «Дастархан»

Қош сауболыңдар!

